

**Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «Г» сынып оқушыларына
2021-2022 оку жылындағы жүргізілген тәрбие жұмыстарының
талдауы**

2021-2022 оку жылының басында тәрбие жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай жыл бойына жұмыстар жүргізілді. Барлық тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылармен дәстүрлі және дәстүрден тыс форматта түрлі шаралар өтті.

Қыркүйек айының басынан бастап оқушылар мектепшілік шараларға қатысты. Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған онлайн қатысып, шарага тіл туралы ақындардың өлеңдерін оқыды. ІІ.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған мәнерлеп оку сайысында Амангелді Мариям қатысып, II орын иеленді. Күзгі демалыс кезінде аудандық мұражайға барып, аудан тарихымен танысты. «Елбасы салған сара жол» атты тәрбие сағаты тұнғыш президент күніне арналса, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мерекелік шарага қатысты. Мырзагалиева Айару мектепшілік сурет байқауына қатысып жеңімпаз атанды. Жаңа жылдық мерекелік шарага да оқушылар қатысып, өлең, такпактарын айттып, сыйлықтарын алды. «Мейірім әлемді құтқарады» аудандық бейнеүндеу жасау және сурет байқауына бірнеше оқушы қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Халықаралық әйелдер күніне орай «Қызы сыны» сайысы ұйымдастырылды. Ұлттық мереке – Наурыз мерекесі де атальш өтілді. Ұлттық ойындар ойнап, ұлттық тағамдар жеп, ұлттық әндер айтты. Оқушылар сонымен қатар үйірмелерге жыл бойы қатысып шықты. Спорт мектебі, саз мектебі, би үйірмесінің оқушылары жыл бойы ұйымдастырылған сайыстарға қатысты. Жүлделі орындар иеленді. Осындай жетістіктермен қатар, кемшіліктер де кетті.

Сәуір айында сыннып оқушыларымен аудандық мәдениет үйіне «Менің атым-Кожа» кинофильмін көруге бардық. Және де биылғы оку жылында бастау алған «Жарық жұлдыз» номинациясын сынныбымыздан екі оқушы Төлеш Мейірлан, Балагерей Абылайхан иеленді. Бұл оқушылар жыл бойы мектебіміздің атын спортта, өнерде жақсы нәтижелерімен танытып жүр.

Биылғы оку жылындағы соңғы тәрбие сағатын балалардың өтініші бойынша, оқушы үнін ескере отырып, жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздікте түсіндіре отырып, «Ұздік оқушылар» сайысымен жалғастырдым. Оқушыларға жаз айларындағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, жол жүру ережелері айтылды, корытынды сабак өткізілді.

Сынып жетекшісі:  А. А. Суюсинова